



**Автор:** Байтымбетова Гаухар Курманалиевна

**Пән:** Математика


**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Үш таңбалы сандарды қосу және азайту

**Тақырып:** Үш таңбалы сандарды қосу және азайту

Оқу мақсаттары:	3.1.1.2 үш таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; 3.1.2.5. Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; 3.2.1.2. Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу.
сабақтың мақсаттары:	<b>Барлық оқушылар:</b> үш таңбалы сандарды оқиды, жазады және салыстырады; Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды ауызша орындайды. <b>Кейбір оқушылар:</b> Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табуы біледі. <b>Көпшілік оқушылар:</b> Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындауды түсіндіре алады.
Тірек білім, білік, дағды:	Дағдыларын дамыту: 1000 көлеміндегі сандарды оқи алады. Пәндік лексика және терминология: Разряд, ондықтар, жүздіктер, бірліктер, мыңдықтар. Үш таңбалы сандардың ондық құрамы. Үш таңбалы сандардың қосу және азайту амалдарын орындау тәсілдері. Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талқылау: Санды разрядты қосылғыштардың қосындысы түрінде жазу дегеніміз не? Разряд бойынша қосу (азайту) дегеніміз не ? Үш таңбалы сандарды қалай қосуға болады? Жазылым: Сандық және әріптік өрнектерді жазу.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы: (бмин.)	<b>Ынталандыру.</b> Ауа райын білу не үшін қажет? Нақты ауа райы туралы мәліметті білгеніңіз көптеген қиындықтан сақтауы мүмкін (ең аз дегенде – бұл аяқ киімнің су болып қалуынан, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы үлкен шығындардан сақтайды және т.б.). Сол себепті ауа райы туралы мәлімет нақты және сенімді болуы өте маңызды. Метеорологтардың нақты ақпараты – әуетранспорт қызметінің сәттілігінің кепілі. Климаттық жағдайы қауіпті және табиғи апаттар болуы мүмкін аймақтарда ауа райын білу өте маңызды. <b>Өзектендіру.</b> Топтық жұмыс (әртүрлі мөлшердегі және түрлі түсті геометриялық фигуралар, табиғи материалға – бұршақ, түрлі жаңғақтар, қақпақтар, түймелер және т.б. жатады). Балалар оқулықтан 1-тапсырманы орындайды. Мысалы, 324 санын былай қоюға болады:  <b>Мақсат қою (мәселелі жағдаят)</b> Оқушылар топпен жұмысты жалғастырып, оқулықтағы 1-тапсырманы орындауды жалғастырады, сандар сәулесінен жиындар шешімін атап, көрсетеді, осы жиынның 5 санын атайды. Оқушылардан бүгін қандай сандармен жұмыс жасайтындарын сұрайды (үш таңбалы).	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтыңортасы: (20мин.)	<p>Жаңаны ашу. Жаңа тақырып бойынша бейнебаянды (1,13мин) көрсетеміз.  <a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/246-347-593-246-turindegi-ush-tangbaly-sandardy-zhazbasha-qosu-zhane-azajtu?mid=f8e43bf0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/246-347-593-246-turindegi-ush-tangbaly-sandardy-zhazbasha-qosu-zhane-azajtu?mid=f8e43bf0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</a></p> <p>2-тапсырма: оқушылар есептеулерін түсіндіріп және балалардың есептеу алгоритмдерін ауызша айтады.  <math>678+2=670+(8+2)=670+10=</math>  <math>791+9=790+(1+9)=790+10=</math></p> <p>Түсіндіре отырып алғашқы бекіту.  3(а)-тапсырма: оқушылар есептегендерін кезекпен айтып түсіндіреді.  <math>576+4</math>  <math>593+7</math>  <math>3+547</math>  <math>7+123</math></p> <p>4-тапсырма: оқушылар есептеуді орындауда толық ондыққа дейін толықтыруды қолданғанның тиімді екендігін бақылап байқаулары қажет  5-тапсырма: оқушылар есепті шығарады. Берілгенге кері есеп құрастырады және өзінің пайымдауының дұрыстығын дәлелдейді.</p>	
Өзіндік жұмыс: (5мин.)	<p><b>Өзіндік жұмыс</b> Мұғалім дәптердегі тапсырманы орындауды ұсынады. Бағалау критерийлерін қарайды. Мен: -үш таңбалы сандардың ондық құрамын жазуды білемін; -1000 көлеміндегі сандарды ондық құрам негізінде қоя аламын; -1000 көлеміндегі сандарды ондық құрам негізінде азайтамын. Өткенді қолдану. Оқулықтағы 6-тапсырманы орындау ұсынылады.</p>	
Кері байланыс: (3мин.)	Кері байланыс. «Жетістік сатысы»	